ӘОЖ 687. 1: 391

# ЖАСТАР КҮРТЕШЕСІНДЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНАТЫН БӨЛШЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ ТӘСІЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ

# ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДОВ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ТРАНСФОРМИРУЮЩИХ ДЕТАЛЕЙ В МОЛОДЕЖНЫХ КУРТКАХ

# STUDY OF MODIFICATION OF TRANSFORMATION PARTS USED IN THE OF YOUTH JACKETS

*К.Ж. КУЧАРБАЕВА, М. ЖОЛДЫБАЕВА.*

*K.Z. KUCHARBAEVA, M. ZHOLDYBAEVA*

**(Алматы технологиялық университеті)**

**(Алматинский технологиялық университеті)**

**(Almaty Technological University)**

E-mail: moldi@mail.ru

***Мақалада эстетикалық, эксплуатациялық және экономикалық талаптарға жауап беретін, киім бөлшектерінің трансформациялану тәсілдері бойынша жұмыс зерттелді. Жастар күртешесін жобалауда тасымалданатын бөлшектердің өзгеру тәсілдері талданып, оның сапасы, әмбебаптылығы және қызметтік мүмкіншіліктері жоғарылағаны анықталды. Нәтижесінде, бөлшектерді трансформациялау тәсілдерін қолдану негізінде, авторлармен күртешенің жаңа моделдері ұсынылды.***

***В данной статье представлены работы по приемам трансформации деталей одежды, которые отвечают требованиям эстетического, эксплуатационного и экономического характера. При проектировании одежды рассматриваются виды приемов видоизменений молодежной куртки, что повышает ее качество, универсальность и расширение функцио-нальных возможностей. Таким образом, авторами на основе выявленных проблем предлагается разработка новой модели куртки, используя приемы трансформирующих деталей.***

***This article has carried out work on the reception transformation piece of clothing that meets the requirements of aesthetic, operational and economiccharacters. Considered the clothes design and types of methods modification youth jackets, increases quality and versatility extends the functionality of garments. Thus, the authors on the basis of the problems identified to develop a new model offers of jackets, using the techniques of transforming parts.***

**Негізгі сөздер: трасформация, түрлендіру тәсілі, заңдылық, ырғақ, композициялық шешім.**

**Ключевые слова: трансформация, приемы преобразования, закономерность, ритм, композиционное решение.**

**Key words: transformation, conversion techniques, regularity, rhythm, composition solution.**

***Кіріспе***

Зерттеу жұмысында, жастар күртешесінде трансформацияланатын бөлшектер үлгі ерекшелігіне қарай таңдалды және түрлендіру тәсілдері зерттелді. Өндірістік деңгейде жастар күртешесін қалыптастыруға әсер ететін бөлшек элементтері және трансформация жиынтығы талданды. Жастар күртешесінде трансформацияланатын бөлшек элементтерін түрлендіре отырып, әртүрлі үлгідегі бірнеше киім жиынтығы құрастырылды және дайындауда плащтық материал таңдалды. Жобаланған күртешеде, ауа райының қолайсыз жағдайларында және қоршаған ортадағы әртүрлі факторлардан қорғауда, тұтынушы ыңғайлы қамтамасыздандыруда трансформацияланатын бөлшектердің орны ерекше. Сәннің бағытына сәйкес және жастардың талғамына сай, жобаланған күртеше - жең, жаға, иініш, каттама, баска бөлшектері алынбалы-салынбалы түймелікпен біріктіріледі. Киімнің трансформацияланатын бөлшектері мен элементтері түймелермен, ілгектермен, батырмаларымен, жабысқақ таспалармен негізгі бөлшекке бекітіледі. Жастар күртешесінде трансформацияланатын бөлшектер классикалық симметрия заңдылығында түрлендірілді [1].

Зерттеу нәтижесінде, жобаланған күртешесін алынбалы-салынбалы бөлшектерді, трансформациялаудың сегіз тәсілінде түрлендірілді және бір базалық негізде киім үлгілері жобаланды.

***Зерттеу объектілері және тәсілдері***

Жобаланған жастар күртешесіндегі алынбалы жаға, жең, иініш, қаттама, баска сыдырмалы түймелікпен бөлу-қосу тәсілімен негізгі бұйымға қосылады және ажыратылады. Жаға және жең бөлшектері трансформацияланғанан кейін жастар күртешесі композициялық шешіміне қарай жеңіл жағасыз жакетке түрленеді. Мұнда бұйым формасы өзгермейді, тек трансформацияланатын бөлшектер негізгі бұйымға алынбалы-салынбалы түймелікпен бөлініп-қосылып біріктіріледі. Трансформацияланатын жаға бөлшегінің орнына күлпара, қондырма жаға, тік жаға, желбірлі жалаң жаға бөлшектерімен алмастыру негізінде, киім үлгілерін кеңейтуге және формасын өзгертуге болады. (1 – суретте (а) көрсетілген).

***Зерттеу нәтижесі***

Созу-қысу тәсілінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіруде 1– суретте (б), жең бөліктеріне және бел қиығында қатаманы түймелікпен біріктіреді және ажыратады, нәтижесінде қаттаманы трансформациялау негізінде, бөлшек формасының өзгеруіне байланысты жобаланатын үлгі түрлендіріледі. Қаттама тоқыма жаймасынан дайындалады, себебі созылмалы тоқыма жаймасы күртешенің эстетикалық және эксплуатациялық талаптарын толығымен қанағаттандырады.



а)



б)

Сурет 1 - Жастар күртешесін алынбалы таранcформацияланатын бөлшектермен түрлендіру. а) бөлу-қосу тәсілі; б) созу-қысу тәсілі.

Ұсынылып отырған жастар күртешесінде 2 – суретте реттеу-бекіту тәсілінде трансформацияланатын жең ұзындығын бау таспа арқылы тартады, нәтижесінде моделдегі

жең формасы өзгереді. Басқа етегін және жең аузын бау таспа арқылы тартып бүрмелейді. Жең, жаға, баска бөлшектерін симметрия заңдылығында созу-қысу тәсілінде түрлендіру арқылы жастар күртешесінің моделін өзгертеді.

Жоғалу-пайда болу тәсілінде күлпара жаға бөлшегінде сыдырмамен ажыратылып қайта пайда болады. Сонымен қатар жастар күртешесінде жең бөлшегі сыдырма көмегімен тасымалданады. Тасымалданатын жеңнің түрлері: реглан жең, қысқа жең, екі тігісті жеңдергеде түрлендірсек болады. Нәтижесінде, трансформацияланатын бөлшектің композициялық шешімінде күртеше екінші түрге түрленеді [2].

Тығыздау-күшейту тәсілінде алынбалы басқа батырма немесе түймелікпен алынып біріктіріледі, нәтижесінде трансформацияланатын басқа негізінде композициялық шешімде жастар күртешесінің көлемі екінші түрге түрлендіреді. Трансформацияланатын басқа түрлерін: желбірлі басқа, қатпарланған басқа, бүрмеленген басқа, жартылай қынамалы басқа және олар симметрия заңдылығында түрлендіреді.




Сурет 2 - Тарансформациялау тәсілінде жастар күртешесін түрлендіру. а) реттеу-бекіту тәсілі; б) жоғалу-пайдаболу тәсілі; в) тығыздау-күшейту тәсілі.

Басқа бөлшектермен ауыстыру тәсілінде үлгінің базалық элементтерін сақтай отырып, трансформацияланатын жаға, жең, иініш, қаттама, басқа, күлпара бөлшектерін, тек бір бөлшекті алмастыру негізінде түрлендірілді. Трансформацияланатын бөлшектерді басқа бөлшектермен ауыстыру нәтижесінде күртеше сәндік өзгеріске ұшырайды. Алынбалы белдік сыдырма-түймелікпен ажыратылады және күртешенің бел қиығына басқа пішімдегі басқаны немесе үлгі ерекшелігіне қарай сәндеп-безендірілген төменгі бөлікті, олардың өлшемдерінің қатынасына қарай біріктіріп түрлендіреді.

Біріктіріп салу тәсілін зерттеу арқылы, күртешеде әртүрлі пішіндегі сәндік-әшекей элементерінің үйлесімділігі түрлі-түсті трансформацияланатын бөлшектермен алмастырылады және бөлшек құрылымын түрлендіру негізінде жобаланды. Біріктіру- салу тәсілінде бөлшектердің пайда болуы мен жоғалып немесе элеметтердің қосылуы, күртеше үлгілерін жобалауда бөлшектерінің және тұлға мүшелерінің формасын, массасын, өлшемдерін пропорционалдық ырғағын сақтайды. Жастар күртешесін жобалауда 3 – суретте сәндік-әшекей элементтері жапсырмалы бөлшектермен түрлендірілді, алынбалы иініш сыдырма-түймелікпен ажыратылады және бұйымға біріктіріледі, нәтижесінде трансформацияланатын иініш негізінде композициялық шешімінде екінші түрге түрленеді. Трансформацияланатын иіништі басқа пішімдерімен, желбірлі иінішпен, материал фактурасымен, бір түймелі жамылғымен ауыстыру негізінде күртешені түрлендіреді [3].

Қайта орнын ауыстыру тәсілін зерттеу арқылы, күртешенің тасымалданатын бөл-

шектерінің формасын екінші формаға өзгерту арқылы және екі жақты материалда жастар күртешесі жобаланды және көп функционалдық жиынтығы құрастырылды. Конструкциялық базалық бөлшектердің сәйкестілігі сақталды, жастардың сұранысы бойынша материал түстерін, сурет фактурасын өзгертіп түрлендіреді. Жастар күртешесін жобалауда сән бағытына қарай плащтық материалға үйлесімді неапринді және ашық, геометриялық фигуралы және сурет фактурасы қолданылды.



а) б) в)

Сурет 3 – Жастар күртешесінде тарансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру тәсілдері. а) басқа бөлшектермен ауыстыру тәсілі; б) біріктіріп салу тәсілі; в) қайта орнын ауыстыру тәсілі.

Зерттеу нәтижесінде, жастар күртеше-сінде әр түрлі түрленуі тұтынушыны жалық-тырмайды және оның қызмет ету мерзімін ұзаратады. Сән бағытының қарқынды да-муында, түрленіп сипатталатын заманауи жастар күртешесі трансформацияланатын бөлшектермен жобаланды. Трансформа-цияланатын киім бөлшектері тұтынушыларға үнемділіктен басқада қызметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Олар өз стилін классикалық түрден спорттық түрге түрлендіріледі және ассортименті мен тағайындалуы әртүрлі бұ-йымға ие болады. Әрқашан киімді түрлен-діруде, адам әртүрлі стильдік шешімдерді қолдана отырып күртешенің көптеген түрлерін эксперименттеуге мүмкіндік алады. Күртешені жобалауда трансформациялаудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, әмбебаптылықты жоғарылатады, оның функционалды мүмкін-діктерін кеңейтеді және кию мерзімін ұзар-тады, сатып алудағы шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

***Қорытынды***

Қазіргі заманға сай жобаланған жастар күртешесіндегі түрленетін бөлшектер, эконо-мистер көзқарасымен қарастырсақ, онда ол тұтынушылар мен өндірушілерге тиімді болады. Тұтынушылар бір түрленетін бұйым-ды сатып ала отырып, нақты түрде түсі мен матасы үйлесетін, бірақ ассортименті мен тағайындалуы әртүрлі бірнеше бұйымға ие болады. Трансформацияланатын бөлшек элементтерін тәсілдер арқылы түрлендіре отырып, әртүрлі үлгідегі бірнеше жастар күртешесінің жиынтығы құрастырылды.

Жобаланған киім үлгілерінде трансфор-мацияланатын бөлшектерді түрлендіру нәтижесінде:

- тұтынушылардың дифференциялдық сұранымын толық қанағаттандырады;
- трансформацияланатын бөлшектердің аздаған жиынтығы көмегімен киімнің стилін және ассортиментін кеңейтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Трансформация [Электронный ресурс] //Академик : словарь. – [Интернет ресурс]. Режим доступа: http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/2087

2. Шамухитдинова Л., Чурсина В., Камилова Х. Анализ исторических прототипов способов морфологической трансформации одежды [Интернет ресурс]. Режим доступа: //Sanatart. – http://www.sanat.orexca.com/rus/ archive/3-02/design.shtml

3. *Пармон*, Ф.М. *Композиция костюма*. Учебник для вузов. М.: Легпромбытиздат, 1997. -318 с.